

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ.

2020 жылдың 09 қаңтары

KASE корпоративтік құндылықтарды жаңартты және жаңа Корпоративтік этика кодексін қабылдады

2019 жылдың мамырында Қазақстан қор биржасының (әрі қарай – KASE, Биржа) Директорлар кеңесі 2019-2021 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекітті, оның негізгі бағыттарының бірі биржаның тұрақты даму қағидаттарын енгізу болып табылады. Стратегияны іске асыру аясында KASE корпоративтік мәдениетті жақсартуға және Биржаның стратегиялық мақсаттарына жету үшін тиімді команда құруға бағытталған бірқатар іс-шараларды өткізді.

KASE жаңа Корпоративтік этика кодексін (әрі қарай – Кодекс) қабылдады және қазіргі бизнес-процестер мен Биржаның қазіргі идеологиялық талаптарына сәйкес келетін корпоративтік құндылықтарды жаңартты. Кодекс корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибесін ескере отырып әзірленген және іскерлік қатынастардың этикалық нормаларын, іскерлік этика қағидаттарын белгілейді, сонымен қатар, Биржа миссиясы мен құндылықтарына негізделі отырып қабылданған корпоративтік мінез-құлық стандарттарын көрсетеді.

Биржа өзінің миссиясы ретінде өтімді қор нарығын дамыту, жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін ашық инвестициялық жағдайды қамтамасыз ету және аймақтың биржалық кеңістігінде биржаның көшбасшылық ұстанымын қолдау арқылы Қазақстан Республикасының экономикалық өсуіне ықпал етуді көреді.

Биржаның биржалық нарықты дамыту үшін стратегиялық маңызды жобаларды іске асыратын мамандар тобы ретінде жұмыс істеуінің маңызды құрамдас бөлігі болып қазіргі қиындықтарға жауап беретін және KASE командасының өзін-өзі сәйкестендіретін корпоративтік құндылықтар табылады. Ішкі талқылаудан кейін Биржа қызметкерлері келесі тұжырымдарда көрініс тапқан жаңашылдық, жауапкершілік, ашықтық және қамқорлық құндылықтарын ұстануға шешім қабылдады:

- "Біз инновациялар мен тұрақты игіліктер принциптеріне негізделген, үнемі өзгеріп отыруға бейімделетін қағидаттармен ортақ игілік үшін жұмыс жасаймыз";
- "Біз ұжымымыздың кәсібилігін және қызметтердің жоғары сапасын растайтын шешімдеріміз үшін жауап береміз";
- "Біз өз серіктестерімізбен, клиенттерімізбен және бір-бірімізбен ашықтық және айқындық қағидаттарында жұмыс жасаймыз";
- "Біз өзіміздің болашағымызды, клиенттеріміз бен қызметкерлерімізді дамыту үшін жағдай жасаймыз".

Биржаның корпоративтік құндылықтары қор нарығын дамыту, жаңа технологиялар, өнімдер мен қызметтерді енгізу, қазіргі заманғы өзгеріп жатқан жағдайлардағы қолданыстағы қызметтер мен технологияларды жетілдіру, сондай-ақ нарықтың барлық қатысушыларының тұрақтылыққа қол жеткізу үшін бизнес пен ұжымды біртұтас біріктіруге деген ұмтылысын білдіреді.

Биржа ұжымы әріптестер арасынан корпоративтік құндылықтар өкілдерін – жаңартылған корпоративтік құндылықтардың ашықтық, жаңашылдық, орындалатын жұмыстың технологиялық тиімділігін арттыруға ұмтылу және басқаларға ұқыпты қарау негізгі шарттарына барынша сәйкес келетін KASE қызметкерлерін таңдады. Биржа қызметкерлері арасында KASE құндылықтарын көрсетушілерді жыл сайын сайланады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.